

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова*

«ДЕНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған сауықтыру іс-әрекеті)



*Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова К
Орысбаева. А*

Таушық ауылы, 29.01.2024 жыл

Тақырыбы: «Дені саудың - жаны сау»

(спорттық - ойын сайысы)

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу.

Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту.

Қажетті құралдар: шарлар, түрлі - түсті доптар, кругтар, пирамидалар, орамал, аттар.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме! Құрметті балалар және спорт сүйер жанкүйер қауым. Бүгінгі «Дені саудың - жаны сау» атты спорттық ойынға қош келдіңіздер. Егеменді еліміздің ертеңі денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Міне, бүгінгі ересектер «Ер Төстік» тобының қатысуымен өткелі отырған «Дені саудың - жаны сау» атты сауықтыру іс - әрекетін бастауға рұқсат етіңіздер.

Марш ойналып, балалар залға бірінің артынан бірі жүріп келеді.

Жан - жақты жаттықтыратын жаттығулар:

Бір қатармен жүру, жүгіру, екі қолды белге қойып аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұрып, дем алу жаттығуын орындау.

Тәрбиеші: Бәрекелді балалар!

Тәрбиеші: Балалар денсаулық басты байлық. Балалар деніміз сау болу үшін, үнемі жеке бас тазалығын сақтап, денеміз шынықтырып, дұрыс тамақтанып, күн тәртібін сақтау керек.

Ал енді алдымен әділқазы мүшелерімен таныстырып өтейін.

1. Балабақша басшысы: Баянова Алмагүл Ерболатқызы
2. Балабақша әдіскері: Жақсылықова Айгүл Әлиасқарқызы
3. Тәрбиеші: Утеуова Меруерт Егеубайқызы

Тәрбиеші: Ал, кәне балалар «**Балапан**» және «**Ботақан**» тобы болып екі топқа бөлінейік.

Жарыстың кезеңдерімен сіздерді таныстырып өтейін.

1. «Кім бірінші?» ойыны
2. «Кім жылдам?» ойыны
3. «Кім шапшаң?» ойыны
4. «Кім жүйрік?» ойыны
5. «Кім епті?» ойыны
6. «Кім тез жинайды?» ойыны.

Тәрбиеші: Балалар сайысымызды бастамас бұрын әнұран орындайық.

- Бәрекелді балалар!

Екі топтың сәлемдесуі.

1. «**Балапан**» тобына жалынды сәлем!

2. «**Ботақан**» тобына жалынды сәлем!

Тәрбиеші: Көк аспандай көкпеңбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен тек,

Елдің ашық қабағы - деп «Кім бірінші» ойынын бастаймыз

1. «Кім бірінші?» ойыны.

Ойын шарты: жалаушаны алып, жүгіріп межені айналып келу.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Әділқазылар, бағалап отырайық. Келесі екінші кезеңге өтейік.

2. «Кім жылдам» ойыны.

Ойын шарты: Берілген кругті кеуде тұсымен ұстай отырып, жұптасып орындыққа апару. Осылайша келесі жұп жалғастыра отырады.

Жарайсыңдар! Керемет!

Тәрбиеші: Жүгір, жүгір желмен жарысып,
Жүгір желмен жарысып.

Нұрға аман,

Болып қыран.

Өс ұлан - деп «Кім шапшаң» ойынына кезек берелік.

3. «Кім шапшаң?» ойыны

Ойын шарты: Әр топ кезекпен отырып, екі аяқтың арасына шарды қыстырып екі аяқпен жүріп отырып кедергіден айналып өтеді.

- Жарайсыңдар балалар, сендер неткен жылдам едіңдер.

Тәрбиеші: Спорт - біздің досымыз,

Күш қайрат сыйлаған.

Спорт - біздің досымыз,

Өсіп күнде шындалған - дей отыра «Кім жүйрік?» ойынын ойнайық.

4. «Кім жүйрік?» ойыны

Ойын шарты: Балалар атпен шауып, кедергілер арасынан өтіп, орамалды іліп қағып алады.

Тәрбиеші: Қалма жұрттың соңында,

Қажет болса мың атта.

Аздық екен оныңда,

Жету үшін мәреге - деп келесі ойынымыз «Кім епті?» ойыны.

5. «Кім епті?» ойыны

Ойын шарты: Орындықтармен жабдықталған кругтердің астынан жорғалап, пирамиданы құрастыру.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Ендеше келесі, соңғы қорытынды ойынымызға кезек беріп, жеңімпаздарымызды да анықтайық.

6. «Кім тез жинайды?» ойыны.

Ойын шарты: Екі топқа берілген түстерге сәйкес доптарды жинау, жапсыру.

Тәрбиеші: - Бәрекелді балалар өте жақсы!

- Жарайсыңдар балалар!

Құрметті апайлар бүгінгі спорттық ойынымыз өз мәресіне келіп жетті.

Жеңімпаздарды анықтау үшін сөз кезегін әділқазыларға береміз. Бүгінгі қатысқан бүлдіршіндерімізге алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта үлкен биіктерден көріне беріңіздер. Бүгінгі жеңістерің құтты болсын. Келіп, тамашалап көргендеріңізге р





